

## 2010 жылы жұмыссыздарға ақылы қоғамдық жұмыстардың түрлерін бекіту және ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 08 желтоқсандағы № 416 қаулысы. Ақтөбе облысының Алға аудандық әділет басқармасында 2010 жылдың 06 қаңтарда № 3-3-97 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 118 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 2011.03.04 № 118 қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" № 836 қаулысын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес Алға ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылы жұмыссыздарға арналған ақылы қоғамдық жұмыстар түрлері бекітілсін.
2. "Алға аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ (А.Нұржан) 2010 жылы жұмыссыздарға ақылы қоғамдық жұмыстар түрлерін ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.
3. "Алға аудандық қаржы бөлімі" ММ (Т.Төлегенов) мен "Алға аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ (Г.Ахметова) белгіленген қаражат шегінде жұмыссыздарға ақылы қоғамдық жұмыс ұйымдастыру мақсатында қаржыландыруды аудан бюджетінен қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Аққағазовқа жүктелсін.
5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

